

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 желтоқсан N 1751. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 930 қаулысымен. ~P990930

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығы мен "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті туралы ереже бекітілсін.
2. Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті қайта ұйымдастырылған Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті мен Жекешелендіру жөніндегі департаменттің, сондай-ақ олардың аумақтық органдарының мүліктік және өзге де құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып айқындалсын.
3. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және

реформалар жөніндегі агенттігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті мен оның аумақтық органдарын статистикалық және талдау ақпараттарымен қамтамасыз етілетін мемлекеттік органдардың тізбесіне кіргізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1751 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті
туралы

ЕРЕЖЕ

МИССИЯСЫ

Мемлекеттік меншікті, оны жекешелендіруді тиімді басқаруды қамтамасыз ету және тұрақты экономикалық өсуге ықпал жасау.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті /бұдан әрі - Департамент/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншікке иелік ету, пайдалану, билік жасау және оның мақсатқа сай әрі тиімді пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі өкілеттілікті жүзеге асыратын және мемлекеттік мүлікті бірден бір сатушы ретінде оның мүддесін білдіруге уәкілетті мемлекеттік басқару органы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.11.06. N 1135 қаулысымен.
P981135_

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Премьер-Министрінің өкімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент пен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі, штат санын - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, бекітілген құрылымы, адам саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шеңберінде штат кестесін Департамент директоры бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.11.06. N 1135

қаулысымен.

P981135_

5. Департаменттің облыстарды, Алматы және Байқоңыр қалаларында өзінің аумақтық органдары болады.

Аумақтық органдар департаментпен бірге тікелей бағыныстағы бірыңғай жүйені құрайды және өз қызметін өздеріне Департамент жүктеген өкілеттіктердің шегінде ұйымдастырады.

6. Департамент пен оның аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен бланкілері, банктерде ағымдағы шоттары болады.

II. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТАРЫ

7. Департаменттің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының меншігіне және жекешелендіруге қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу және оны жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде меншік және оның мүліктік құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік мүдделерін білдіру;

мемлекеттік меншіктің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру; <*>

мемлекеттік меншікті жалдау, жалға алу, концессиялау, сенімді басқару, сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету;

шаруашылық серіктестіктерінің мемлекеттік үлестерін, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару, олардың басқару органдарында мемлекеттің мүдделерін білдіру;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік объектілерін, оның ішінде акциялардың мемлекеттік пакеттері мен шаруашылық серіктестіктеріне қатысу үлесін сатуды ұйымдастыру;

жүргізілген тексерістер мен тексерулердің материалдарын қорытудың

негізінде мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу; <*>

мемлекеттік меншік пен оны жекешелендіруді басқару туралы заңдардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру, оны қолданудың практикасын талдау және қорыту, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысу;

министрліктердің, комитеттердің және ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі қызметін салааралық үйлестіру;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару және жекешелендіру жөніндегі қызметін ұйымдастыру;

халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қою;

халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

белгіленген тәртіппен өз қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

өзіне заңдармен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді және 8 абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.06. N 1135 қаулысымен. P981135_

8. Департамент негізгі міндеттеріне сүйене отырып:

Қазақстан Республикасының меншігі және жекешелендіру қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар жасауға қатысады;

мемлекеттік меншіктің мақсатқа сай және тиімді пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады; <*>

мемлекеттік мекемелер не мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалар құру, оларды қайта ұйымдастыру, тарату, оңалту рәсімдерін жүргізу үшін мемлекеттік меншік объектілерін сатуға немесе кепілге, жалға, жалдап алуға, сенімді басқаруға беруге арналған келісім-шарттарға /шарттарға, келісімдерге/ қол қою туралы шешімдер қабылдау жолымен мемлекеттік мүлікке иелік ету, пайдалану және билік жасау жөніндегі өкілеттігін жүзеге асырады;

белгіленген тәртіппен мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп мемлекеттік меншікті жекешелендірудің бағдарламасын әзірлейді және жүзеге асырады;

ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы мемлекеттік меншік объектілерін, оның ішінде құрылысы аяқталмаған объектілерді де жекешелендіру кезінде заңды және жеке тұлғаларға жер учаскелерін жерді пайдалану не жалға алу құқығымен ұсынуға не беруге байланысты мәселелерді шешуге қатысады;

"алтын акцияны" енгізу туралы шешім қабылдайды;
шаруашылық серіктестіктерінің мемлекеттік үлестері мен акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқаруды қамтамасыз етеді;
белгіленген тәртіппен мемлекеттің қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің борыштық міндеттемелері мен облигацияларының эмиссияларын сату туралы шешім қабылдайды;
мемлекетке тиесілі акциялар пакеттерінің ұстаушысы болып табылады;
шаруашылық серіктестіктеріндегі мемлекеттік үлеске және акциялардың мемлекеттік пакеттеріне кіріс пен дивидендтердің дұрыс есептелуін, олардың бюджетке уақтылы және толық аударылуын бақылайды; <*>

мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендірудің нақты түрлері мен әдістерін айқындайды;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншік объектілерін сатуды ұйымдастырады және оған байланысты барлық шараларды жүргізеді;

жекешелендірілген кәсіпорындарды сату алдында дайындауды жүргізеді, осы мақсат үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тартады, аталған шаралар бойынша ведомствоаралық комиссиялардың жұмысын ұйымдастырады;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізіліміне енгізілген мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметіне белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде тексерістер мен тексерулерді жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Ішкі істер министрлігінің, Бас Прокуратурасының, соттардың тиісті актілері бойынша, мемлекеттік органдардың өтініштері, азаматтардың хаттары мен арыздары бойынша ұйымдарға тексерістер мен тексерулер жүргізеді; <*>

заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың қаржы-шаруашылық қызметіне бекітілген жоспарға сәйкес тексерістер мен тексерулер жүргізеді; <*>

инвестициялық жекешелендіру қорларын - бағалы қағаздар рыногына қатысушыларды трансформациялауға құнын бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

қажет болған жағдайда Департамент қызметіне байланысты жұмыстарды жүргізуге қатысу үшін тәуелсіз сарапшыларды, аудиторларды және консультанттарды тартады;

заңдардың қолданылуына талдау жүргізеді және оның практикасын қорытады , оны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді, өзінің құзыретіне жатқызылған

мәселелерді реттейтін заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді дайындауға қатысады;

өз құзыретінің шегінде заңды және жеке тұлғалардың атқаруы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады;

министрліктердің, комитеттердің және ведомстволардың мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметтерін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару жөніндегі қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады;

халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қояды;

Қазақстан Республикасының аумақтары мен одан тысқары жерлерде меншік мәселелері жөнінде мемлекеттің мүдделерін білдіруді және оның мүліктік құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен өз қызметін жақсарту жөнінде ұсыныс енгізеді.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.06.

№ 1135 қаулысымен. P981135_

9. Департаменттің өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін өз құзыретінің шегінде:

атқару үшін міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп мемлекеттік меншікті жекешелендірудің бағдарламасын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген тәртіппен ұйымдардың құрылтайшысы болуға және олардың жарғыларын бекітуге; <*>

шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшысы болуға, олардың жарғыларын бекітуге;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік меншікті, оның ішінде шаруашылық серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін және оның қатысу үлестерін сату жөнінде сауда саттықтар жүргізуге;

белгіленген тәртіппен мемлекеттің қатысу үлесі бар акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің борыштық міндеттемелерін, сондай-ақ акцияларының, облигацияларының және өзге де бағалы қағаздарының эмиссияларын сатуға рұқсат беруге;

банкроттықты болдырмау жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттің қатысуымен шаруашылық серіктестіктер мен акционерлік қоғамдарды санациялау және қайта құрылымдау жөніндегі шараларды әзірлеуге және оларды жүзеге асыруға

қатысуға;

заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасуға және оналту рәсімдерін жүргізу үшін мемлекеттік меншік объектілерін, оның ішінде шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестерін сату немесе кепілге беру, жалға тапсыру, концессиясы, лизингі, сырттан және сенімді басқаруға беру кезінде өзара міндеттемелердің талаптары мен сипатын айқындауға және олардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыруға;

заңдарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен лицензиялауды жүзеге асыруға;

Үкіметке акционерлік қоғамдар шаруашылық серіктестіктері мен өзге де ұйымдар құру, оларды қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныс енгізуге; <*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік меншікті сатудан алынған қаражаттың бір бөлігін жекешелендірілетін объектілерді сату алдында дайындауға арналған шығыстарды қаржыландыру, аукциондар, тендерлер, конкурстар ұйымдастыру және өткізу, жекешелендіру кезінде бақылау жасауды, қайта ұйымдастыруды, санацияны жүргізу, шарттық негізде сарапшылар мен консультанттар ретінде заңды және жеке тұлғаларды тарту үшін пайдалануға;

мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктері органдарының қарауына олардың басшыларының кандидатурасын енгізуге; <*>

министрліктердің, комитеттердің және ведомстволардың мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі қызметтеріне әдістемелік басшылық пен салааралық үйлестіруді жүзеге асыруға;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардан ақысыз негізде қажетті қаржы және өзге де құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік меншікті пайдалануға байланысты мәселелер бойынша ақпаратты сұратуға және алуға;

мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тиісті бухгалтерлік және өзге де қаржы құжаттамаларын және материалдық құндылықтардың бар-жоғын тексеруге, сондай-ақ олардың басшылары мен басқа қызметкерлерінен тексерістер мен тексерулер жүргізу барысында туындайтын мәселелер бойынша жазбаша түсініктеме алуға; <*>

анықталған тәртіп бұзушылықты жою, келтірілген зиянды өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдауға; <*>

анықталған тәртіп бұзушылық, мемлекеттік меншікті ұрлау және өзге де тәртіп бұзушылық фактілері бойынша материалдарды тергеу органдарына жіберуге; <*>

мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінде жүргізіліп отырған тексерістер мен тексерулерге мемлекеттік органдардың мамандарын келісім бойынша тартуға. <*>

Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңдардың атқарылуына бақылау және тексеру жасауды жүзеге асыруға;
консалтингтік қызмет көрсетулерді жүзеге асыру үшін қазақстандық

және шетелдік заңды және жеке тұлғаларды жұмысқа тартуға;

Департамент қызметінің аясына жататын проблемалар бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға және үйлестіруге;

аумақтық органдар туралы ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітуге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.11.06.

№ 1135 қаулысымен.

P981135_

10. Департаменттің мемлекеттік меншікке иелік ету, пайдалану және билік жасау жөніндегі қатынасты реттейтін, өзінің құзыретінің шегінде қабылданған актілері белгіленген тәртіппен орталық және жергілікті атқару органдардың атқаруы үшін міндетті болып табылады.

III. ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

11. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Директор басқарады. Департаменттің директорының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын орынбасарлары болады.

12. Департамент туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

13. Департаменттің директоры Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылықты жүзеге асырады әрі Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке

жауаптылықта болады.

14. Департаменттің өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер жөніндегі шешімі барлық органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың атқаруы үшін міндетті.

15. Департамент қабылдаған шешім Директор қол қоятын қаулылармен және бұйрықтармен ресімделеді.

16. Директор болмаған уақытта оны Департаменттің қызметін үйлестіретін, өзіне Директор жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асыратын орынбасарлардың біреуі алмастырады.

17. Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын Департамент директорының ұсынуы бойынша және тиісті облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді.

18. Директор осы мақсатта:

өзінің орынбасарлары мен Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауаптылығы дәрежесін айқындайды;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес Департаменттің орталық аппараты мен аумақтық органдарының қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде Департаменттің орталық аппараты мен аумақтық органдары қызметкерлерінің атқаруы үшін міндетті бұйрықтар шығарады;

Департаменттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Департаментті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

19. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.